

Аршалы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 мамырдағы № А-267 "Аршалы ауданы бойынша үйлерінде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № А-60 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 наурызда № 1-4-185 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 маусымдағы № А-233 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 05.06.2012 № А-233 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аршалы ауданы әкімдігінің «Аршалы ауданы бойынша үйлерінде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы» 2009 жылғы 13 мамырдағы № А-267 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде 1-4-148 тіркелген, 2009 жылдың 25 маусымында «Вперед», 2009 жылдың 3 шілдесінде «Аршалы айнасы» аудандық газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармағы жаңа басылымда баяндалсын: «Аршалы ауданы бойынша үйлерінде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуді көрсету»;

3 тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары **Б. Т. Акшинеевке** жүктелсін.

3. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Аршалы аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданы әкімінің м.а.

Т.Мұханбеджанов